

**«№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-ның
кезектен тыс жиналысының
ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

«02» қазан 2023 жыл

Жиналыс төрайымы: Налибаева Р.К. - «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК басшысы

Хатшылықта: Рахымбердықызы А.– заңгер

Жиналысқа әкімшілік бөлімінің қызметкерлері: 12 адам.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе:

1. «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындау туралы.

Төрайымдық етуші Налибаева Р.К. жиналысты ашық деп жариялап, «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-дағы 26.07.2023 ж. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау туралы талдамалық анықтамасында көрсетілген кемшіліктерді болдырмау бойынша іс-шаралар қарастырылатыны туралы хабарлады.

Анықтамада көрсетілгендей, орталықтың мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру барысында, орталықтың өндірістік қажеттіліктеріне және бәсекелестік ортада жүргізуге уақыттың тығыздығына байланысты Кәсіпорын:

1) «Pro Community Astana Orleu» ЖШС-мен түзілген № 070340010032/220010/00 2022-01-20 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 80 000.00 теңге ;

2) «Учебный научно-производственный центр "Альтаир"» ЖШС-мен түзілген № 070340010032/220085/00 2022-03-02 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 69 000.00 теңге ;

3) «Social-i International Kazakhstan» ЖШС-мен түзілген № 070340010032/220185/00 2022-09-09 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 240 000.00 теңге ;

4) «Фарм СИНТЕЗ» ЖШС-мен түзілген № 070340010032/220029/01 2022-09-21 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 3 997 500.00 теңгені құрайтын мемлекеттік сатып алу бойынша келісім-шарттар түзілгендігі туралы анықталды.

Яғни жоғарыда аталған келісім шарттар, Ұйымдастырушы тарапынан «Мемлекеттік сатып алу» ҚР Заңының 1 – тармағының 41 –бабы, 39 – бабының 3

– тармағын (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және б) тармақшаларының (көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзылуына жол берген. Бұр тұрғыда, «№1 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК тарапынан, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілген қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін заң аясында, мерзімінде және сапалы түрде өткізуін камтамасыз етіп, алдағы уақытта кемшіліктерге жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдануы қажет. Жиналыс барысында күн тәртібіндегі мәселемен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қатысты сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зардаптарын жою және олардың алдын-алу мәселелі талқыланды.

Жалпы жиналыс күн тәртібінде қаралған мәселе бойынша жиналыс төрайымы Налибаева Р.К. жиналысты қорытындылай келе,

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

- Мемлекеттік сатып алуды жүргізу барысында Кәсіпорын тарапынан аталған сатып алуларды, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-тармағының 41-бабына және 4- бабына сәйкес бәсекелестік ортада жүргізілуіне міндетеледі.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Налибаева Р.К.

Рахымбердықызы А.